



20 сәуір, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

## ● ПРЕЗИДЕНТ

# ЕКІЖАҚТЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ ІРГЕТАСЫ БЕРІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Татарстан Республикасының Президенті Рустам Миннихановпен кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Татарстанмен ынтымақтастық Ресей Федерациясымен арадағы кешенді іс-қимылдардың ішіндегі ең маңыздысы саналатынын атап өтті. Мемлекет басшысы Татарстан Президентінің жақында Қарағанды облысына жасаған сапарын жоғары бағалады. Сол сапар кезінде Саран қаласында дөңгелек шығаратын зауыт іске қосылған болатын. – Біз бұл кәсіпорынға үлкен үміт артып отырмыз. Қазақстандықтардың үлкен бір тобына Татарстанда білім алуға мүмкіндік жасағаныңыз үшін ризашылығымды білдіремін. Мен мұны бұдан кейін де жалғасы болатын нақты жоба деп білемін. Біздің нарықта «Татнефть» компаниясынан басқа, «КамАЗ» кәсіпорнымен бірлескен жобаларымыз да бар, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Татарстанмен мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайта беруге бейілді екенін жеткізді. – Біз татар мәдениетін өте



жақсы білеміз және құрметтейміз. Сіздердің мәдениеттеріңіз біздің

елде кеңінен танымал. Таяу уақытта, пандемия біткеннен кейін

Қазақстанда Татарстан мәдениеті мен өнерінің күндерін өткізуге

келісеміз деп ойлаймын. Біз бұл іс-шараның табысты өтуі үшін барлық жағдайды жасаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Рустам Миннихановқа Нұр-Сұлтан қаласынан татар халқының көрнекті өкілі, айтулы ақын Ғабдолла Тоқайдың атына бір көше берілетіні жайында айтты. Бұл екі халық арасындағы ынтымақтастықтың жарқын белгісінің бірі болмақ.

Өз кезегінде Татарстан Президенті Қазақстанға жасаған кезекті сапарының табысты өткеніне ризашылығын білдірді.

– Ресей-Қазақстан қарым-қатынастары аясында Татарстан көптеген жобаларды іске асырып жатыр. Екіжақты байланыстардың іргетасы берік. Біздің Тұңғыш Президентіміз Минтемір Шарипович Шаймиев Сізге дұғай сәлем айтып жатыр. Оның Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлымен байланысының арқасында өзара қарым-қатынасымыздың негізі мықты қаланған, – деді Рустам Минниханов.

Әңгімелесу барысында тараптар Қазақстан мен Татарстан арасындағы сауда-экономикалық, өнеркәсіптік, энергетикалық кооперацияларды одан әрі нығайту, сондай-ақ, коронавирус пандемиясымен бірлесіп күресу мәселелерін талқылады.

## ● МӘСЛИХАТ ТЫНЫСЫ

# БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ ТИІМДІ ЖҰМСАЛУЫ ТИІС

Өңірдегі түйінді мәселелерді шешудің тиімді тетігі – бюджет қаржысын ұқыпты әрі тиімді пайдалану екені даусыз. Облыстық мәслихаттың әрбір сессиясында бұл талап үнемі қаперде.

Кезектен тыс III сессия алдында тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы өтті. Онда 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет жайы кеңінен талқыланды.

2-бет

## ● НАРЫҚ

Осыдан тура бір жыл бұрын коронавирус дертінің шарпуына байланысты Қазақстанда теңге бағамы, сонымен бірге мұнай бағасы бір сәтте құлдыраған болатын. Жыл бойы теңге 20 процентке құнсызданды. Осы сипатын негізінен қазіргі уақытқа дейін сақтап келді. Жаңа жылдан кейін мұнай бағасы едәуір көтерілді. Нарықта жақсы жағдай қалыптасты. Бұл мемлекет резервінің өсуіне ықпал жасады.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,  
«Сыр бойы»

# ӨЗІ ӨНДІРГЕННІҢ ӨЗЕГІ ТАЛМАС

Кейінгі уақытта Қазақстанда бензин бағасы ә дегеннен 10 процентке жуық көтерілді. Сонымен бірге теңге АҚШ долларына қатысты біршама төмендеп, 430 теңгеден асты. Оның себеп-салдарын қалай бағалауға болады? Әртүрлі себептер айтылуда. Соның бірі еуразиялық экономикалық кеңістіктегі мемлекеттердің өзара тариф саясатының бірыңғай қалыптасуы бағаның көтерілуіне ықпал жасады деген болжамдар айтылған болатын. Сарапшылардың пайымдауынша, бұл мәселенің бір қыры ғана, әдетте көктемде бола беретін бағаның өсуі сыртқы факторлардың да әсеріне қатысты. Соңғы жаңалықтарға көз жүгіртетін болсақ, Еуропаның біркатар елдері мен АҚШ-тың Ресейге қатысты біржақты санкция жариялауы рубль мен теңгеге теріс ықпал жасаған сыңайлы. Бірақ сарапшылар бұл санкциялардың экономикаға теріс ықпалы болмашы екенін айтады.

Біз кеше Қызылордадың тұтыну нарығындағы жағдайға қанығу үшін біркатар ірі сауда орындары мен базарларды аралап, ондағы бағаларға көз жүгірттік. Соңғы бір айдың көлемінде әсіресе азық-түлік бағасының, көкөністің айтарлықтай қымбаттағанын байқадық. Қызылорда базарларында картоптың бағасы 200-250 теңге, сәбіз 200-230 теңге, жуа 100-120 теңге, қырыққабат 100-150 теңге, күріш сортына қарай 160-300 теңге. Мал өнімдерінің бағасында соңғы бір-екі айдың көлеміндегі нарықта өзгеріс болмашы. Бұл нені көрсетеді? Көктемгі бағаның маусымдық сипатта күрт көтерілуі байқалмайды. Демек, жаңа маусымның өнімі сөрелерге түскенше оның бағасы айтарлықтай қымбаттай қоймайтынын байқап отырмыз. Байқағанымыздай, базарларда сауда өте баяу қарқынмен жүреді. Сатып алушылар жоқтың қасы. Бірқатары оны пандемия дертіне байланысты жасалған шектеулермен түсіндіреді. Алайда, оның екінші маңызды себебін атап өтпеске болмайды. Қалай болғанда да, көктемгершілік осылай болатыны заңдылық. Бұған қосымша айтарымыз, халықтың сатып алу қабілеті біршама төмендеген. Тұтынушылар қалай болғанда да ақшаны үнемді пайдалануға көшкен сыңайлы.

Тағы бір мәселе. Қызылордадағы ірі деген сауда орталықтарында әсіресе көкөніс бағаларының тұрақтылығы байқалады. SMALL, Magnit сауда орталықтарында тұтынушылар әдеттегіден өте аз. Көкөніс бағалары базарлармен шамалас, кей жағдайда одан арзан. Арзан голланд қырыққабатын, пакистан картобын саудалап жатқандар бар. Неліктен пакистан картобы? Бізге бұл жағы біршама түсініксіздеу болды. Өйткені базарлардың өзінде пакистан картобы қырғызстандық және павлодарлық өніммен қатар сатылуда. Біз осы күнге дейін айтып жүргеніміздей, көкөніске қатысты отандық өнімнің өндірілу деңгейі әлі төмен екенін байқадық. Мемлекеттің агроөнеркәсіп кешеніне орасан зор қолдау жүргізіп жатқанына қарамастан, осындай маңызды түйткілді шеше алмауы сала алдындағы күрделі міндет болып табылады.

Азық-түлік емес тауарлар, әсіресе киім сату базарларында сатып алушылардың қарасы өте сирек. Жакындап кетсең, сатушылардың өз өнімін сатуға деген құлшынысын байқайсың. Сатып алушы болмаған соң, олардың осындай күйге түсуі табиғи құбылыс. Сату орындарының жалға алу құны бұрынғыша қымбат. Соған қарағанда базар иелерінің нарықтың заңына қарай бейімделуі төмен деңгейде деген ойда қалдық. Себебі нарық қазір бәсекелестікті тым өршітіп жіберді. Сауданың түр-түрі көбейді. Оның интернет сауда деген жаңа түрі тұтыну нарығын жаппай билей бастады. Қысқасы, уақыт жаңа талаптарды алға тартуда.

Сонымен теңге бағамы біршама құнсызданды. Бізге жеткен деректер бойынша қазір бұрынғы кеңестік мемлекеттердің барлық валюталары долларға қатысты өздерінің құнын жоғалтты. Бұл үдеріс қаншалықты жалғаса береді? Әзірге сарапшылар бұл тұрғыда кесімді пікір айта алмайды. Дегенмен, әлемдік экономикада Қытай валютасының үстемдік танытып, долларды ысыруы мүмкін деген болжамдар жиі айтыла бастады. Дегенмен, осының барлығын жақсылықтың нышаны деп бағалаудың реті келмейді. Біз тәуелсіз жас мемлекет ретінде нарықта үстемдік танытатын алпауыттарға қарайламыз үшін отандық өнімді молынан шығаруға талпынуымыз қажет. Бұл – өмірдің өзі алға тартқан шындық.



## ● КӨКТЕМГІ ҚАРЕКЕТ

# АСЫРАУШЫ САЛА АҚСАҒАН ЖОҚ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирус инфекциясын пандемия деп жариялағалы бір жылдан астам уақыт өтті. Ол адамзат өмірін түбегейлі өзгертіп, басқаны айтпағанда, экономикаға зіл батпан салмақ түсірді. Бірақ әлемді әбгірге салған індет кезінде де ісінде іркіліс болмаған сала ретінде ауыл шаруашылығын ауыз толтырып айтар едік.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

Елде төтенше жағдай жарияланып, карантиндік шектеу қойылған тұста отандық диқандар 20 млн тоннадан астам сапалы астық жинады. Өйткені дала еңбеккерлері техниканы ерте бастан майлап, тұқым мен тыңайтқышты сайлап қойған еді. Бұл көктемгі егін және егін жинау жұмысын сапалы жүргізуге мүмкіндік берді. Бұрын-соңды болмаған пандемия жағдайында сырбайылық шаруалар да сыр берген жоқ. Оның үстіне, су, тапшылығы бірнеше жылдан бері қайталануы келеді. Соған қарамастан, 89,5 мың гектар жерге егілген күріштің әр гектарынан 61,8 центнерден өнім алды. Ел қамбасын 551,3 мың тоннаға толтырып, рекордтық көрсеткішті тағы жаңартты.

Кезекті күріш егу науқанын жергілікті диқандар бүгін-ертең бастайды. Оның көлемін 84,4 мың гектарға қысқартуға тура келді. Өйткені мамандар быыл да су болатынын айтып отыр. 18 сәуірдегі мәліметке сүйенсек, Сырдария өзенінің ағысын реттейтін «Нарын-Сырдария» бас-сейндік су қоймаларына 18,6 млрд текше метр су жиналған. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен

салыстырғанда 2,1 млрд текше метрге кем. Күріштік көлемінің кемітілген орнына суды аз керек ететін дақылдар еккен ыңғайлы. Бір жағынан мұны егіс алаңын әртараптандыру туралы Елбасы тапсырмасының жалғасы десек, артық емес. Осы орайда импорттық өнімді алмастыратын, жоғары тиімділікке ие майлы, мал азығы түріндегі, бақшалық дақылдарға баса назар аударылып келеді.

– Биыл соя дақылын – 98, қант құмайын – 40, жеміс-жидек пен жүзімді 66 гектарға егу жоспарланды. Бұған дейінгі барлық жеміс-жидек көлемі – 446,7 гектар. Сонымен қатар, су үнемдеу технологиясын қолдануға көбірек көңіл бөліп отырмыз, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев.

Аграрлық саланың ел басына түскен қиындықты еңсеруіне мемлекет қолдауы зор ықпал етті. Президент тапсырмасына сәйкес қазақстандық фермерлер былтыр дизель отынын жеңілдетілген бағамен алды. Ақпан-қараша айлары аралығында көктемгі егін және күзгі жиын-терім үшін 792 мың тонна дизель отыны

жұмсалды. Энергетика министрлігімен келісім бойынша қамбаға түскен астықты кептіруге 47 мың тонна дизель отыны қосымша жеткізілді. Қолдау шаралары алажаздай атыз жағалап, тер төккен ағайынның астықты жауын-шашынға қалдырмай жинап алуына жәрдемдесті.

– Биыл 12,8 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Оның 7,7 мың тоннасы мұнай өңдеу зауытынан тиеліп, литрі 164 теңгеден шаруашылықтарға таратылуда. Мемлекет қолдауының арқасында машина-трактор паркі тұрақты жаңару үстінде. Шаруашылық құрылымдары биыл «Қаз-Агроқаржы» компаниясы арқылы жоспарлы 115 техниканың күні бүгінге дейін 17-сін лизинг арқылы алды, – дейді басқарма басшысы.

Меже бойынша көктемгі дала және егін егу жұмысына 13,3 млрд теңге керек. Бүгінде соның 10 млрд теңгеден астамы қолда. Онда «Аграрлық несие корпорациясы», «Агрохолдинг Қызылорда» ұйымдарының, шаруашылықтар мен инвесторлардың үлесі бар. Иә, карантиндік шектеу күшейтілген уақытта елдер мен өңірлер арасында барыс-келіс тыйылып, қозғалыстың баялауы асыраушы сала қызметіне әсер етпей қоймады. Дегенмен, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің маңыздылығы бірінші орынға шығып, бертің келе жағдай реттелді. Ал ауыл шаруашылығы ақса, халықтың тұрмысы тұралайтыны анық.

## Ордалы 30 Жыл

20 СӘУІР

- 1994 жылы Ташкентте Қазақстан, Армения, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан басшылары қол қойған ТМД мемлекеттері ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты күшіне енді.
- 1995 жылы Түркияда Абай күндері өтті.
- 2007 жылы Нұрсұлтан Назарбаев «Ертіс», «Оңтүстік» және «Жетісу» атты үш әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияны құру туралы Жарлыққа қол қойды.
- 2011 жылы Мәскеудегі қазақ диаспорасы С.Нұрмағамбетов атындағы «Жас Ұлан» республикалық мектебінде Кеңес Одағының Батыры, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы туралы жазылған «Аңызға айналған батыр» атты кітаптың тұсаукесерін өткізді.

21 СӘУІР

- 1992 жылы республикада енді құрылып жатқан алғашқы дипломатиялық корпус өкілі – Қазақстандағы Түркияның Төтенше және Өкілетті елшісі Арпоң Езнаем Нұрсұлтан Назарбаевқа тұңғыш рет сенім грамотасын табыс етті.
- 2006 жылы «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының сенімді басқаруындағы «Степногор» кен-химия комбинатының гидрометаллургия зауыты аумағында молибден байыту фабрикасы ашылды.
- 2016 жылы Алматыда «Түркітілдес әлем музыкасы» атты зерттеу тобының V халықаралық симпозиумы ашылды.
- 2018 жылы Нью-Йоркте БҰҰ жанындағы Қазақстанның Тұрақты өкілдігінде Ислам әлемінің тарихында алғаш рет 2017 жылы қыркүйекте Астанада өткен ИЫҰ-ның Ғылым және технологиялар жөніндегі саммитінің қорытындыларына арналған Ислам ынтымақтастық ұйымына мүше елдер елшілерінің кездесуі өтті.

## COVID-19

# «АЛЫП-ҚАШПА ӘНГІМЕ КҮДІКТІ КҮШЕЙТУДЕ»

Үкімет жанындағы коронавирустың таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия өңірлердегі эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасын жариялады.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,  
«Сыр бойы»

18 сәуірдегі жағдай бойынша «қызыл аймақта» Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен Атырау, Ақтөбе, Ақмола, Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстары тұр. «Сары аймақта» Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстары кірді. «Жасыл аймақта» әзірге Қостанай мен Түркістан ғана.

Мәліметтерге сүйенсек, облыста сәуір айының 18 күнінде 754 адам індет құрғынына ілінген. Күні кешеге дейін тіркелген науқастар саны – 4798. Ал, індеттен айыққан науқастар саны 4131-ге жетті. Бір тәулікте 34 науқас емделіп шықты деген дерек бар. Бүгінде инфекциялық стационарда 289, ал стационардың реанимация бөлімінде 15 науқас ем алууда. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мамандары тұрғындардың басым бөлігі қатерлі індетті қарым-қатынас арқылы жұқтырғанын хабарлауда. Бұл ретте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сабит Пазылов індетпен күреске барлық күш жұмылғанын айтады.

Инфекциялық және провизорлық стационарларда 3200-ге дейін тесек-орын дайын. 518 орын орталықтандырылған оттегімен қамтылған. Кеселмен күресу үшін облыстағы медициналық ұйымдар 686 оттегі концентраторы, 251 ИВЛ, 8 компьютерлік томограф және 66 рентген аппаратымен қамтылды. Аймақта 6 оттегі станциясы бар. Сондай-ақ, 9 ПТР аппараты жұмысқа қосылған. Тәулігіне 1000-1100 аралығында сынама алынууда, – дейді басқарма басшысы.

2-бет



## ● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚАҢТАР-НАУРЫЗ:  
КӨРСЕТКІШТЕР ТАРАЗЫҒА ТҮСТІ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған жиын өткізді. Онда 2021 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы көрсеткіштер мен қаржының игерілуі сараланды.

Облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай негізгі индикаторлық көрсеткіштерге тоқталды.

Өңірде осы жылдың қаңтар-наурызында оң әлеуметтік-экономикалық жағдай қалыптасқан. Инвестиция көлемі 42,9 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 107,6%.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 13,3 млрд теңгеге жеткен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,7% артық.

Есепті кезеңде ет өндіру көлемі 3,4, сүт өндіру 2,2%, тауық жұмыртқасы 28,3% процентке артты. Ал, тұтыну бағаларының индексі наурыз айында 101,7% құрады. Оның ішінде азық-түлік тауарларына баға индексі 103,0, азық-түлік емес тауарларға 101,3%, ақылы қызмет 100,3% жеткен.

Бүгінде облыстың 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары аясында өңірде бизнес өкілдеріне 265 жоба ұсынылған. Айталық, биыл 13,8 млрд теңге құрайтын (895 жұмыс орны) 96 жоба-

ны іске асыру жоспарлануда. Бүгінгі күні оның 15-і іске асырылған. Наурыз айындағы жоспарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жобалар саны 404-ке жеткен. Енген жобалардың басым көпшілігі - ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге, дайын азық-түлік, азық-түлік емес және құрылыс тауарларын шығаруға бағытталған.

Жиында «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасының орындалу барысы сараланды. Бағдарлама арқылы Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария және Шиелі аудандарына қарасты ауылдық елді мекендерде 1,9 млрд теңгеге 13 инвестициялық жоба іске асырылып, нәтижесінде 117 жұмыс орны құрылатын болады. Жиында 1 тоқсанда игеріл-

ген қаржы мәселесі де талқыланып, облыстық қаржы басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Жаңабаев атқарылған жұмыстарды ба- яндады.

Облыс бюджетінің 2021 жылдың 1 сәуіріне түсімдер болжамы 106,2% орындалған. Оның ішінде өз кірістері 138,8% орындалып, облыс бюджетіне 4,6 млрд теңге артық түсіп отыр.

Облыс бюджетінің 2021 жылдың 1 сәуіріне шығыстар жоспары 99,8% игерілді. Үнемделген қаржы – 113,2 млн теңге.

Жиын қорытындысында облыс әкімі межеленген жұмыстарды уақытылы аяқтауды және көрсеткіштердің ұдайы сараланып отыратынын назарға салды.

«АЛЫП-ҚАШПА  
ӘҢГІМЕ КҮДІКТІ  
КҮШЕЙТУДЕ»

Жоғарыда айтылғандай, қазір медициналық мекемелер мен дәріханалар қорғаныш киімдерімен қамтамасыз етілген. Дәрі-дәрмектің 2 айға жететін қоры жасақтаулы. Жалпы, дәрілік заттардың тұрақтандыру қорын қалыптастыру мақсатында жергілікті бюджеттен 488 млн теңге қаржы бөлінді. Android және Appstore платформаларында «DARI.KZ» мобильді қосымшасы да іске қосылған. Оның көмегімен кез келген азамат республика аумағында тіркелген дәрілік заттардың барлық түзбесін көре алады. Пайдаланушыға медицинада қолданылуы жөніндегі нұсқаулық, қаптама мәкеттері, қолдану тәсілдері, сертификаттар, дәрілік заттың толық атауы, өндіруші туралы ақпарат, тіркеу куәлігінің нөмірі мен шекті бағалары көрсетілген. Сондай-ақ, осы мобильді қосымшаның көмегімен шекті бөлшек сауда бағасынан асып кету фактілері анықталған кезде шағым беру- ге болады.

Вакцинаға келсек, ақпан айынан бері облыста 19732 адам екпе салдырған. Алайда, әлеуметтік желіде екпеге қатысты сауалдар толастар емес. Мәселен, тұрғындардың бірі екпеден соң бала көтере алмаймыз деп қорықса, ал енді бірі өзге ауруымды қоздырып аламын деп алаңдайды екен. Жакында Денсаулық сақтау министрлігі бұл жалған ақпарат екенін мәлімдеді. Кеселге қарсы вакцина алған әйелдердің кез келген уақытта жүктілікті жоспарлай беруіне болады. Алайда, жүкті және емізугі баласы барларға екпе алуға тыйым салынған. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми өкілі Ержан Байтана екпені орны ісіп, сыздап ауырса жылы киіну керек екенін айтады, ал, тіпті шыда-

паса, 103 нөміріне хабарласуға кеңес береді. «Халық арасын дағы алып-қашпа әңгіме күдікті күшейтуде. Бірақ, екпе бұрынғы ауруларды қоздырмайды, қанды ұйытпайды. Өйткені вакцина алдында пациент толық медициналық тексеруден өтеді» дейді ол. Сонымен қатар мақалада «Қандай екпені коронавирус вакцинасымен бірге алуға болмайды?» деген сауалды да қамтуды жөн таптық. Оған ақпарат көздерінде С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ жалпы иммунология кафедрасының меңгерушісі Эльмира Битанова былай деп жауап берген.

– Тірі вакцинаны БЦЖ екпесімен бірге алуға болмайды. Бұл – барлық вакцина үшін жалпы ереже. Коронавирус инфекциясына қарсы вакцина енді ғана қолданыла бастады. Сондықтан оны кешенді түрде қолдану ұсынылмайды, бұл уақытша шара. Біраз уақыттан кейін ол басқа вакциналармен біріктіріле бастайды. Әзірге мұндай ұсыныс жоқ. Коронавирускқа қарсы вакцинаны бөлек қолдануды ұсынамын, – деді иммунолог.

Облыстық психикалық денсаулық орталығының бас мейірбекесі Ақмарал Маханбетжанова «Пандемия уақытында «Сейхун» прови- зорлық стационарында еңбек еттік. Сонда тәулігіне қаншама науқас толастамай келіп жатты. Барлығының өкпесі қысылып, бір жұтым ауаға зар болғанын көзбен көрдік. Биыл бұл жағдайдың қайталанбауын қамтамасыз етудің жалғыз жолы бар. Ол – вакцина салдыру» деген пікір білдіреді.

Шынында, коронавирус немқұрайлықты көтермейді. Ол бір жыл ішінде талай адамның өмірін қиғаны есімізде. Біз өткеннен сабақ алуға, қауіпсіздікті еш уақытта қаперден шығармауға тиіспіз. Өзіміз үшін, жақындарымыз үшін.

## ● МӘСЛИХАТ ТЫНЫСЫ

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ  
ТИІМДІ ЖҰМСАЛУЫ ТИІС

– Өздеріңіз білетіндей, облыстық бюджет түсімдерін барлығы 14,1 млрд теңгеге ұлғайту жоспарланған. Енгізілген өзгерістерге сәйкес облыстық бюджетті 18,9 млрд теңгеге нақтылау ұсынылып отыр. Осы нақтылауда энергетика, құрылыс, автомобиль жолдары, әлеуметтік салалар бойынша қаржы қаралуда, – деді облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Н.Қордабай.

Сондай-ақ, басқарма басшысы депутаттар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

## Мінаждин Өтеев,

## облыстық мәслихат депутаты:

– Қазіргі пандемия кезінде кәсіпкерлікті дамытуға ынталандыру жұмыстары назарда болғаны дұрыс. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 19 сәуіріндегі «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған және «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-конкурсын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсын өткізуге қаражат көзі қарастырылса.

Сонымен қатар, жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үлгішділігі аясында мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерге арналған «Өзіңе сене баста!» көрме-конкурсын ұйымдастыруға бюджет шамасы қандай?

Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының іс-шаралар жоспарына сәйкес «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсын өткізуге 5,3 млн теңге бөлінді. «Өзіңе сене баста!» көрме-конкурсын ұйымдастыруға 7,9 млн теңге қаралуда.

## Наурызбай Байқадамов,

## облыстық мәслихат хатшысы:

– Облыс әкімінің аппараты тарапынан мемлекеттік қызметшілер арасында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс нормаларын түсіндіру жұмысын ұйымдастыру мақсатында мемлекеттік қызметшілерді оқытуға қосымша қаржы қарау мәселесін ортаға салғым келеді.

Сондай-ақ, биыл 17 наурызда Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев ВКС рәсімінде өткізілген жиында барлық деңгейдегі мамандар жұмысын барынша ақпараттандыруды міндеттеді. Соған сәйкес облыстық мәслихат жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету үшін бейнекамера, микрофон және қажетті қосалқы техникалық жабдық сатып алу қажеттілігі туындап отыр.

Облыстың ішкі саясат басқармасының «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі өңірлік экспедиция жұмысын үйлестіру» әлеуметтік жобасын жүзеге асыруға да қосымша қаржы бөлінсе.

Алғашқы мәселе Премьер-министрдің орынбасары Ерғалы Тоғжановтың төрағалығымен өткен азаматтардың өтініштерін қараудың жаңа форматына көшу жөніндегі кеңес хаттамасына сәйкес көтеріліп отырғаны белгілі. Хаттаманың жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бөлімшесінде мемлекеттік қызметшілер арасында Әкімшілік процестік нормаларды түсіндіру жұмысын ұйымдастыру керектігі қамтылған. Осы орайда жергілікті атқарушы органдардағы 1957 мемлекеттік қызметшіні оқытуға 18,8 млн теңге қаралуда.

Ал облыстық мәслихат жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында бейнекамера, микрофон, қажетті қосалқы техникалық жабдық сатып алуға 1,7 млн теңге көзделген.

Соңғы сұрақ бойынша айтсам, өңірлік экспедиция жұмысын үйлестіру әлеуметтік жобасына қажетті қаражат көздерін шешеміз. Бұл мәселе бүгінгі күні өзекті. Қаншама зардап шеккен адамдардың ұрпақтарының аманаты деп түсінеміз.

## Нүридин Әмиров,

## облыстық мәслихат депутаты:

– Облыстық құрылыс, саулет және қала құрылысы басқармасының «Арал ауданы Хан елді мекеніндегі медициналық пункт құрылысы», «Қазалы ауданы Водоканал елді мекеніндегі медициналық пункт құрылысы» жобаларының жобалық-сметалық құжатын әзірлеуге бюджеттен қаржы бөлінсе.

Сіз айтқан Аралдағы медициналық пункт құрылысы бойынша да, Қазалыда медициналық пункт салу бойынша да әрқайсысына 1,7 млн теңгеден жобалық-сметалық құжат әзірлеуге бөлінеді.

## Бақдәулет Махашов,

## облыстық мәслихат депутаты:

– Облыстық құрылыс, саулет және қала құрылысы басқармасының «Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №4 тұрғын кварталы құрылысының №7,8,9 учаскелерінің инженерлік инфрақұрылымын жобалау. Бас жоспар және телефон желілері»;

«Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде 4 пәтерлі жалдамалы тұрғын үйлердің 10 көпқабатты ғимараттарының құрылысы. Бас жоспар және телефон желілері»;

«Қызылорда қаласының СПМК-70/4 ауданында сыртқы инженерлік желілері бар тұрғын үй ауданы. Абаттандыру. Телефон желілері» жобаларын бюджеттен қаржыландыруға мүмкіндік жасалса.

Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органына 3 бірлік жеңіл автокөлік сатып алуға бюджеттің мүмкіндігіне қарай қаржы бөлінсе.

Сол жағалаудағы квартал құрылысының инженерлік-коммуникациялық желілеріне – 291,9 млн, Қазалыдағы көпқабатты ғимараттар құрылысы бойынша – 3,8 млн, қаланың СПМК-70/4 бөлігіне 16,3 млн теңге қаралуда. Төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органына 3 көлік сатып алуға 20,4 млн теңге бөлінді.

## Жорабек Пірманов,

## облыстық мәслихат депутаты:

– Облыс әкімдігі 2016 жылдан бері «Даму» қорымен бірге шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламасын іске асырып келеді. Оған облыстық бюджеттен 2016, 2017 жылдары қаржы бөлінді. Қордың кредит беру шартына сәйкес сол жылдардағы қаражатты бюджетке қайтару тиіс. Сол қаржыны мемлекеттік «Бизнесің жол картасы-2025» бағдарламасы

шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру» бағдарламасы аясында кепілдік беру құралына қайта бағыттауды ұсынамын.

Бағдарлама аясында облыстық бюджеттен 2016 жылы – 500 млн, 2017 жылы 700 млн теңге бөлінген. Кредиттік шарт негізінде қор қаржыны 2021 жылдың мамыр айында бюджетке қайтаруы тиіс болатын. Қазіргі таңда 2017 жылы бөлінген қаражаттың 465,1 млн теңгесін ішінара мерзімінен бұрын бюджетке қайтаруда. 12 сәуірдегі төлем тапсырмасына сәйкес ол бюджетке түсті. Аталған қаражатты мемлекеттік бағдарлама шеңберінде кепілдік беру құралына қайта бағыттау жоспарлануда.

## Сәрсенкүл Бихожаева,

## облыстық мәслихат депутаты:

– Қоғамдық тәртіпті сақтауда бейнекамералардың атқаратын рөлі белгілі. Бірақ облыс орталығындағы камералар оған дәрменсіз. Бейнебақылау жүйесін кеңейту мақсатында камера сатып алу бойынша бастапқы жұмысқа қыруар ақша теңге бөлінгенін көріп отырмын. Қазір бір тиын ақша құнды болып тұр. Сонда біз тағы жұмыс істемейтін, құр босқа ілініп тұратын камералар үшін ақша жұмсап отырмыз ба деген ой келеді.

Екінші мәселе қаладағы баспанаға қатысты. Оның ішінде тұрмыстық жағдайы төмен, көпбалалы, көмекке мұқтаж отбасыларға берілетін баспана төңірегінде. Алдағы уақытта оларға сол жағалаудағы үйлерден 680 пәтер берілмекші екен. Бірақ мұның қаржысы, өзіңіз айтқандай, жеткіліксіз. Жезқазған жақтан жер аударып, оны қаржы мәселесі шешілгенге дейін бекерге бос қойғанша, осы тұрғын үй құрылысын аяқтауға және оның инженерлік жүйесін жабдықтауға бағытталған қаржы мәселесі қолдау тапса деймін.

Қазіргі таңда камералар үшін 75 млн қаражат бөлінген. Облыстық полиция департаментінің ұсынысын қолдауға қомақты қаржы қажет. Қазіргі таңда Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісілген жұмыс атқарылууда. Президент тапсырмасына сәйкес, бұл – антитеррорлық шараларға қаралған қаржы.

Екінші сұраққа ойыссам. Әлеуметтік осал топтағы отбасыларды баспанамен қамту – «Nur Otan» партиясының саялаудағы бағдарламасындағы басымдықтардың бірі. Осы мақсатта сол жағалаудағы кейбір аудандарда тұрғын үйлер құрылысы аяқталған. Бүгінде оларға инженерлік инфрақұрылым жеткізу, үйді табыстау жұмысы қолға алынды. Қала әкімдігінің тізімінде осал топтағы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар бар.

Сессия барысында облыстық мәслихат депутаты Шаһизада Әбдіқарімов денсаулық сақтау мәселесін көтерді. Айтуынша, Қармақшы аудандық ауруханасын жөндеу үшін 85 млн теңгеге жобалық-сметалық жоба әзірленген. Халық қалауына артылған қаржыны алдағы уақытта аурухананы жөндеуге бағыттауды ұсынды.

## Аманжол Оңғарбаев,

## облыстық мәслихат депутаты:

– Азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында облыстық қаржы басқармасы 2020-2021 жылдары 10 модульдік әлеуметтік дүкен ашуды жоспарлағаны белгілі. Соның бәсеуінің құрылысы өткен жылы жүргізілді. Қалғаны бойынша қаржы бөлу қажеттілігі туындап отыр. Жобаның маңыздылығына байланысты оны нақтылау барысында қолдауды сұраймын.

«Алтын қамба» агроөнеркәсіп комбинатына 5 модульдік әлеуметтік дүкен құрылысын жүргізу үшін 34,4 млн теңге қаралуда. Өзіңіз айтқандай, оның 5-і – 2020 жылдың енісінде. Қалғаны осы бюджетте нақтылануда.

## Жанкелді Ысқақ,

## облыстық мәслихат депутаты:

– Облыстық жолашылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша Жаңақорған ауданының Қожакент елді мекеніндегі Беларусь көшесін орташа жөндеу жұмыстарына қаржы бөлу мүмкіндігі қарастырылса. Сонымен қатар, осы аудандағы Аққұм елді мекеніне жол салу мәселесі қолдауды қажет етеді.

Беларусь көшесін жөндеуге 22,8 млн теңге қаралуда. Ал Аққұмға жол салу үшін қаржы бөлу мәселесін алдағы нақтылауда қарастыруды ұсынамын.

## Ібайдулла Тілеп,

## облыстық мәслихат депутаты:

– Балабақша, мектептердің жай-күйі туралы айтқым келеді. Сәуір айында балабақшаларда қысқарту басталды. Ондағы қызметкерлер қаңтар, ақпан, наурыз айларында жалақы алған жоқ. Бұл түйткілділің түйіні тарқатылуы керек деп есептеймін. Әрбір жанұяның үкілі үміті – бала екенін ескерсек, олардың жолында аянып қалмауымыз қажет.

Былтыр бюджетті бекіткенде норматив бойынша оған қаражат қаралды. Балабақшалар қосымша бала алған. Енді қосымша қаражат талап етіп отыр. Мұны алдағы уақытта республикалық бюджет есебінен шешу жолын қарастыру керек. Қазіргі таңда облыстық білім басқармасымен бірге жұмыс жүргізілуде.

Сұрақ-жауап бөлімінен кейін депутаттардың ұсыныс-пікіріне кезек келді. Облыстық мәслихат депутаты Қылышбай Бисенов балабақша мәселесіне қатысты былай деді:

– Біз бұл мәселені тұрақты комиссия отырысында көтергенбіз. 1 шілдеге дейін балабақшада қалыптасқан жағдайды шешуге байланысты нақты іс-шаралар жоспарын жасау керек. Облыстық білім басқармасы басшысының сөзіне қарағанда, өзекті проблема әлі күнге шешімін таппай келеді. Аудандар жыл басынан облысқа өтетінін білгелі іштатты көбейткен. Бұл мәселеге нақты талдау жасалып, шешім табылуы тиіс. Осыған байланысты депутаттың топ құрып, атқарушы билікпен жұмыс жүргізсек.

Сонымен бірге сессияда облыс әкімдігінің дербес құрамын келісу, облыстық сайлау комиссиясының құрамын бекіту, қаладағы №11 мектеп-лицейге Әубәкір Тыныбаевтың есімін беру жөніндегі ұсынысты енгізу мәселелері талқыланды.

Депутаттар А.Әбибуллаева бюджеттің тиімділігі, М.Нәлібаев қауіпсіздік, Т.Шауатты құрылыс, Ш.Имамаззада жер мәселелеріне қатысты ұсыныс-пікір білдіріп, түрлі сала өкілдері сұрақтарға жауап берді.

Облыстық мәслихаттың баспасөз қызметі



«СБ» ақпарат

# Пробация есебіндегі азаматтар сан кәсіпті игеруде

Кейінгі кезде кәсіпкерлер қатарын пробация есебіндегі азаматтар толықтырып жүр. Аяғын шалыс басып, бірақ сол қателігінен сабақ алғандар қоғамға пайдасын тигізуді қалайды. Қолынан іс келсе аянып қалмақ емес. Облыс бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің аумақтық пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарға әлеуметтік-құқықтық көмектер белсенді көрсетілуде. Оның ішінде кәсіпке бет бұрған азаматтар қатары артты. Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаның игілігін көруде. Қайтарымсыз грант алып, құрал-жабдығын түгендеп, шаруасын дөңгелентіп отыр.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Есепте тұрған азаматтар мал шаруашылығы, бетон өнімдерін шығару, шаштарас, компьютер жөндеу орталығы, бал арасын өсіру, кір сабын шығару сынды кәсіп түрлерін ширатып келеді. Мәселен, өткен жылдың он екі айында пробация есебіндегі 27 азамат «Бизнес Бастау» аясында «кәсіпкерлік негіздері» оқу курсын аяқтап, жобасын қорғаған. Тың жобалары мақұлданып, 555 600 теңге көлеміндегі қайтарымсыз грантты жеңіп алды.

Ал жыл басынан бергі көрсеткіш жөнінде облыстық қылмыстық атқару жүйесі департаментінің пробация қызметіне басшылық жасау тобының бас маманы, әділет майоры Әмірзақ Сейдахметов айтты берді. Оның айтуынша, пробация есебіндегі азаматтар кәсіпкерлік саласын меңгеріп, бос уақыттарын қоғамға пайдалы іске арнаған.

– Биыл пробация есебіндегі 7 азамат Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде оқып, қайтарымсыз грант ұтып алды. Олар «кәсіпкерлік негіздері» курсын оқып, бизнес жоспарын құрды. Нәтижесінде 583 400 теңге көлеміндегі қаражатқа қол жеткізді. Қазір оның екеуі құс шаруашылығын дамытуда. Үш азамат төрт түліктің бабын тапса, екі азамат дәнекерлеу цехы мен типография ашуды жоспарлап отыр. Кәсіпкерлікке қызығушылық танытып, қолынан келетін ісін дамытуға мүмкіндік алып жатқан азаматтар қатары артуда. Оларды қолдау шаралары алдағы уақытта да жалғаса беретін болады, – деді ол.

Өмірде шалыс басып, сол әрекетінен олық жеген азаматтың бірі – Алмат. Ол қателігін кеш түсінді. Бірақ түзетуге бекінін біліп, жаңа қадам бастауға бекінді. Енді қоғамға кесірін емес, пайдасын тигізуге шешім қабылдады. Кәсіпкерлік бағытта білімін жетілдірді. Жобасын қорғап, қайтарымсыз грант иеленді. Бетон өнімдерін шығаратын цех ашты. Өндіріске қажетті шикізатты жергілікті кәсіпкерлерден алады. Қазір шаруасы оңалып, тапсырыс артқан. Тақтатас, жол плиталары мен бордюрға сұраныс жоғары. Ол тұтынушының талғамынан шығу үшін әрбір тапсырысты жауапкершілікпен орындайды.

Ал, Руслан есімді азамат жасанды тас шығаруды кәсіп еткен. Уақытын тиімді пайдаланып, әлеуметтік желіде жасанды тастың жасалу жолдарын үйренді. Қызығушылығы артып, кәсіп бастауға ниет білдірді. Ол мемлекет тарапынан кәсібин жаңа бастаушыларға арналған қолдаудың игілігін көрді. Қайтарымсыз гранттан ұтқан қаражатына құрал-жабдығын алды. Күнделікті тапсырысын тыңғылықты орындайды. Жасанды тас гипстен жасалады. Оны қатайту үшін пластификатор қолданылады. Тастың түсін түрлі бояулармен әрлеп, ерекше өң береді.

– Өмірде жастықпен шалыс қадам жасайтын кездер болады. Бірақ оны дер кезінде түзеп, қайта оңынан бастау керек. Қателігімді түсініп, өзімді-өзім дамытуды қолға алдым. Қазір айналысатын ісім бар. Жасанды тастарға сұраныс жоғары. Көпшілік үйлерін сәндеу үшін жасанды тасты қолданады. Сондықтан бұл кәсіп түріне тапсырыс көп, – дейді ол.

Жақында Русланның қолынан шыққан өнімдері облыстық көрме сөрелеріне де орналастырылмақ. Ізденімпаз жігіт алдағы уақытта мемлекеттік бағдарламаға қатысып, жеңілдетілген несиелуді көздеп отыр.

Ал, қалалық пробация есебінде тұрған Айбек есімді азамат ісмерлікпен айналысады. Тігін тигудің қыр-сырын меңгерген ол кәсіп ашып, шаруасын жандандырып келеді. Кейіпкер қызба мінезінің кесірінен темір торға тоғытылған. Жоғары білімі жоқ азамат жазасын өтей жүріп, білім алуға ұмтылады. Тігінші мамандығын оқыды. Дипломын қолына алғаннан кейін мамандар оны мекеменің өндіріс аймағындағы тігін цехына орналастырады. Айбек тігін тигу арқылы мінезінің өзгергенін айтқан. Себебі, ісмер болу шыдамдылықты, төзімділікті, ептілік пен икемділікті қажет ететініне көз жеткізеді. Ол осыдан екі жыл бұрын жазасының өтелмеген бөлігі бас бостандығын шектеу жазасына ауыстырылып, темір тордан босатылып, пробация есебіне алынады.

– Абақтыдан шыққан соң, қалалық пробация қызметкерлері әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетіп, мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз қаражаты иемденуге ықпал етті. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Кәсіпкерлік негіздері» курсын оқыдым. Бизнес жоспар құрып, жобам қолдау тапты. 555 600 теңге қайтарымсыз грант жеңіп алдым. Қаражатқа қажетті құрал-жабдықтар алдым. Білімге деген құштарлық, мамандықты игеру менің өмірге деген көзқарасымды өзгертті. Қоғамнан тысқары қалмай, қайта қолдаудың арқасында кәсіп игердім, – дейді ол.

Қазір Айбектің тапсырысы көп. Уақытының басым бөлігін тігін цехында өткізеді. Тұтынушының талғамынан шығу үшін барын салады. Сапалы да сәнді киімдер тігіп, көпшіліктің көңілінен шығып жүр.

Мақаланы дайындау барысында пробация есебінде тұрып, кәсіп ашқан бірнеше азаматтың ісін тілге тиек еттік. Олар жазас басып, қалған өміріне қолын бір сілтеген жоқ. Қайта бұрыс әрекетін түзеп, оң қадам жасады. Екі қолға бір күрек тауып, кәсіпкерліктің аясын кеңейтті. Арнайы мамандардың қолдауынан нәтиже шығарды. Ең бастысы, еңбек еткеннің ертеңі жарқын екенін дәлелдегендей.

## Есенғали Раушанов



Қазақтың біртуар перзенті, қарымды қаламгер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Есенғали Әбдіжаппарұлы Раушанов 64 жасында өмірден озды.

Есенғали Әбдіжаппарұлы 1957 жылы 5 қазанда Қарақалпақстан жерінде дүниеге келген. 1973 жылы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Келінтөбе ауылындағы №192 орта мектепті бітіріп, 1975-1977 жылдары әскер қатарында азаматтық борышын өтеген. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген.

Талантты ақынның өлеңдері 1973 жылдан бері жарияланып келеді. 1983 жылы «Бердәулет пен Жоламан» атты поэмасы Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті мен «Жалын» баспасының озық шығармаларға жариялаған бәйгесінде бірінші орын алған.

1983-1987 жылдары «Жалын» және «Арай» журналдарында поэзия бөлімінің меңгерушісі, жа-

уапты хатшы, 1988-1995 жылдары «Білім және еңбек» («Зерде») журналының бас редакторы қызметін атқарды. Ұзақ жылдар «Жазушы» баспасының директоры болды.

Өзбек классигі Хамза Ниазидің өлеңдерін, ортағасырлық тарихитанымдық жәдігер «Темір жарғыларын» қазақ тіліне аударды. Ақын өлеңдері орыс, литва, болгар, чех, украин, өзбек, қырғыз тілдеріне аударылған.

«Бастау», «Келінтөбе», «Шолпан жұлдыз туғанша», «Ғайша бибі», «Қара бауыр қасқалдақ», «Періштелер мен құстар», «Бозаңға біткен бозжусан», «Құстар біздің досымыз», «Амал деген айыңыз» атты кітаптары қазақ әдебиетіне тың серпін, өлеңіне өзгеше өрнек әкелген шығармалар болды.

Есенғали Раушанов, сондай-ақ, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Мәскеуде өткен жас ақын жазушылар фестивалінің, Қазақ КСР-і шығармашылық жастарының «Кігер» фестивалінің тұңғыш лауреаты. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. «Құрмет» орденінің иегері. Қазақстанға еңбегі сіңген баспа қайраткері. Ш.Есенов атындағы Ақтау техникалық университетінің құрметті профессоры.

Көрнекті қаламгердің жарқын бейнесі халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

**Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Ардагерлер және Қоғамдық кеңесі**

## Ғазиза Әбдінәбиева



Қазақ өнері ауыр қазаға ұшырады.

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Парасат», «Құрмет», ордендерінің иегері, жерлесіміз Ғазиза Мәкешқызы Әбдінәбиева дүниеден озды.

Ғазиза Әбдінәбиева 1948 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тартоғай ауылында дүниеге келген.

1970 жылы Алматы Мемлекеттік Құрманғазы атындағы Өнер институтының театр факультетінің актер бөлімін бітіріп, өнер жолын республикалық балалар мен Жасөспірімдер театрында бастады. 1993 жылы Қазақ мемлекеттік М.Әуезов атындағы мемлекеттік драма театрына ауысып, өмірінің соңына дейін киелі сахнада өнер көрсетті.

Ақ жарқын, әрдайым жүзінен күлкі, жүрегінен мейірім кетпейтін ардақты да асыл Ғазиза Мәкешқызы саналы ғұмырын бекзат өнерге арнап, қазақ мәдениеті мен руханиятына өлшеусіз үлесін қосты. Ұзақ жылдар бойына те-

атр және кино саласында көптеген айықты образдарды сомдап, талғампаз көрерменнің көңілінен шығып, ыстық ықыласына бөленді. Қай жанрдың болмасын шыңынан көрініп, көрерменді шынайы ойынымен тәнті етті.

Ғазиза Мәкешқызы түскен алғашқы отандық «Тоғысқан тағдырлар», «Шегіртке» мен «Біржан сал», «Айналайын» секілді фильмдер қазақ кинематографиясының алтын қорынан ойып орын алды.

Сондай-ақ, театр сахнасында С.Балғабаяевтың «Ғашықсыз ғасырында» (реж. Ә.Рахимов) – Райхан, Абай шығармалары бойынша сахналанған «Абай десеңде...» (реж. Б.Атабаев) – Ана, Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесінде» (реж. Б.Атабаев) – Күлай, М.Әуезовтің «Айман-Шолпанында» (реж. Е.Обаев) – Тенге, Қ.Мұхамеджанов, Ш.Айтматовтың «Көк-төбедегі кездесуінде» (реж. О.Кенешбаев) – Аиша апай, Шекспир «Гамлетте» (реж. Ю.Ханинга-Бекназар) – Гертруда және басқа да рөлдерді шеберлікпен сомдап, көрерменнің ерекше ықыласына бөленді.

Жайдары мінезді, дархан пейілді, ортасына сыйлы болған өнер майталманының асыл бейнесі халқының жүрегінде мәңгі сақталды.

Ауылы Ғазиза Мәкешқызы Әбдінәбиеваның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

**Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Ардагерлер және Қоғамдық кеңесі**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Серіктестік құрылтайшыларының өтінішіне сәйкес серіктестік мүдделері үшін «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Заңының талаптары және «Шаған жер» ЖШС-нің (БИН: 041240010905) Жарғысы негіздерінде серіктестіктің атқарушы органының бастамасы бойынша «Шаған Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылтайшыларының (қатысушыларының) кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылады.

Жиналыстың өтетін уақыты, орны мен күні: «Шаған Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тойхана ғимаратында немесе эпидемиологиялық жағдайға байланысты тойхана ауласында (м/ж: Есет би көшесі, 12), 2021 жылдың 22 мамыр күні, сағат 11:00.

Күн тәртібінде: 1. «Шаған жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшылар (қатысушылар) құрамын нақтылау туралы; 2. «Шаған жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директорын (атқарушы органын) сайлау туралы; 3. Серіктестік қызметіне қатысты міндеттерді айқындап, жаңадан сайланатын директорға жүктеу туралы; 4. Серіктестіктің жер учаскесін бөліп шығару (бөлісу) тәртібін бекіту туралы. Жалпы жиналыстың түрі: кезектен тыс; Жалпы жиналысты өткізу тәртібі: жауапкершілігі шектеулі

серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының регламенті «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңына, серіктестік жарғысына, серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелерге және басқа құжаттарға сәйкес не тікелей жалпы жиналыспен белгіленеді;

Серіктестік құрылтайшыларының (қатысушыларының) кезектен тыс жалпы жиналысының шешімдері көзбе-көз дауыс беру арқылы қабылданатын болады.

Жиналыс өткізуде басшылыққа алынатын Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары: «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Заңының 42-45, 45-48 баптары және ҚР Азаматтық Кодексінің 79-бабы; Серіктестік құрылтайшыларын (қатысушыларын) тіркеу 2021 жылғы 22 мамырда сағат 07:00-ден 11:00-ге дейін жиналыс өтетін орында жүргізіледі. Жиналысқа қатысушылардың өздерімен бірге жеке куәлігі болуы керек. Ал, өкілдер қатысқан жағдайда, дауыс беру құқығымен жиналысқа қатысуға өкілдік беретін сенімхаты қоса болуы қажет.

Ескерте: «COVID-19» пандемия жағдайында серіктестіктің жалпы жиналысын өткізу талаптары ережелерге сәйкес реттеліп, қатаң сақталатын болады.

**«Шаған жер» ЖШС-ның атқарушы органы**

## Жарқын бейнең жадымызда



Бәрімізге қамқоршы, жаны жұмсақ бауырымыз Оразкул Байкелова 15 наурызда өмірден өтті. Кең жүректі, бауырларына илтипаты бөлек жан болатын. Әрдайым өзінің үлкендігін, ақылшы екендігін парасаттылығымен жеткізетін. Адам – өмірге қонақ. Барлық адам баласы өлімнің ащы дәмін тататынын шындық. Біз сонда да бауырымызды өлімге қинаймыз. Жанымызда жарқырап жүргені көңілімізге көп үміт екен.

Оразкул Байкелова 1957 жылы 13 сәуірде дүниеге келген. Алматы қаласындағы Т.Рыскулов атындағы Қазақ экономикалық университетінің есеп және аудит бөлімін бітіріп, еңбек жолында

біраз шыңдалды. Коммуналдық шаруашылық мекемесінде қызмет атқарған уақытта еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында бас есепші лауазымына дейін көтерілді.

2006-2011 жылдары Оқушылар үйінде бас есепшілікте болып, 40 жыл бойы абырымен қызмет атқарды. Зейнетке де шығып, бейнеттің зейнетін көрді. Десе де, кім жақынын өлімге қинағ? Айға жұмыста да бұл қаз жанымызға батып, жүрек сыздағанды.

Сәуле болып қалдыңыз санамызда, Сыйлы да ізетті ең арамызда. Жан бауырым, бізді тастап кетсе бардың, Жұбаныш табылар ма жарамызға?

Бақұл бол, ізгі бауыр, хош, қимастық! Тіріңде жан жұбатып, көп сыйластық. Жаныңыз жұмақ мекені тәрізінде боп, Пейіште болсын дейміз! нұрңың шалқып!

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын! Біз сізді ешқашан ұмытпаймыз! 24 сәуір күні қырық күндік асы болатынын хабарлаймыз.

Еске алушылар **Байкеловтер әулеті**

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы ұйымдастыру жұмысы және персоналды басқару қызметі бөлімінің жетекші маманы Бидаш Ақзада Бидашқызына әжесі

**Ақпанбетқызы Асылқұлдің** қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

## Дүние — дүрмек

## Нотр-дам: өрттен кейінгі екі жыл

Осыдан екі жыл бұрын Париждің Нотр-дам шіркеуі отқа оранып, өрт өте үлкен аумаққа орасан зор зиян келтірген еді. Осына уақыт өтсе де, Франция астанасының ең басты архитектуралық және тарихи ескерткішінің маңы құрылыс алаңына ұқсап тұр.

Жаңғырту жұмыстары толық бітетін күнді ешкім тап басып айта алмайды. Өрттің зардабы шіркеудің ішінен қарағанда анық көрінеді. Нотр-дамның шедеврлерінің бірі XIII ғасырға тиесілі готикалық роза басқаларға қарағанда азырақ бүлінген. Жаңғырту компаниясының техникалық директорының айтуынша, әзірге жұмысшылар шіркеудің осал тұстарына тіреу қоюмен айналысып жатыр. Осы күнге дейін бүлінген бөліктерді бекітуге 165 млн еуро жұмсалған.

Париждің інжу-маржанын қайта түлетуге тартылған адамдардың өзі жөндеу жұмыстарының аяқталу мерзіміне келгенде

абайлап сөйлейді. «Біз шіркеуді құлшылық етушілерге 2024 жылы ашуды ойлап отырмыз. Ол кездің өзінде жаңғырту толық бітпейді» дейді олар. Қазір 200-ден астам тарихшы және шеберлер жұмыс істеп жатыр. Олардың қызметіне әлемнің әр қырынан жиналған 833 млн еуро төленеді.

Шіркеуге өртенгеннен кейін тұра екі жыл өткен соң барған Франция президенті Эммануэль Макрон пандемияның кесірінен жаңғырту тоқтап қалғанын айтты. Өрт кезінде Нотр-дамның шатыры мен шипшіл құрамындағы қорғасыннан да қоршаған ортаға қауіп төнген еді. Қазір қауіп сейілді, бірақ құрылыс алаңы мен оның маңына кіру үшін міндетті түрде қорғаныс киімі талап етіледі. Ал бұл жерден кетерде жұмысшылар да, келушілер де душқа түсуі керек.

Ортағасырлық архитектураның шедеврін құтқарып қалу үшін құрылған қорға қаржы әлі де құйылып жатыр.

## «Алғашқы бастама» не дейді?

**Халықаралық сарапшылар тобы COVID-19-дың шығу тегін іздеп, қаңтар айында Уханьға сапар жасаған еді. Сол сапардың қорытындысы жарияланып, халықаралық топ пен оның қытайлық әріптестері өздері атқарған істі «алғашқы бастама» деп атады.**

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымынан (ДДСҰ) тағайындалған топ жетекшісі Питер бен Эмбарек Қытайда пайда болғаннан бері 3 млн-нан астам адамның өмірін қиып, ғаламдық экономикаға алапат соққы берген пандемияның ықтимал себептерін зерттеудің бірінші кезеңінің нәтижелерін ұсынды. Бұл баяндамада вирустың жарқанаттан адамға басқа жануарлар арқылы берілуі ең ықтимал сценарий деп аталып, қауіпті инфекцияның зертханадан қауіп кетугі екіталай екендігі айтылған. Дегенмен, ДДСҰ басшысы індеттің тегіне қатысты барлық гипотезаларды жоққа шығармай, бұл мәселенің ашық күйінде қалатынын атап өтті. «Вирустың «қолдан жасалғаны» туралы версияны мүлде жоққа шығармас бұрын тереңірек зерттеу жүргізу қажет» дейді ДДСҰ жетекшісі Тедрос Адханом Гебрейесус.

Баяндама жарияланғаннан кейін АҚШ пен тағы оннан астам мемлекеттің өкілдері зерттеу қорытындысына алаңдаушылық білдіріп, Қытайда жиналған үлгілер мен деректердің кешігуін сыға алды. Бұған жауап берген Қытай мәселені саясаттандыруға әрекет жасалып жатқанын мәлімдеп отыр. Ақ үйдің баспасөз хатшысы Джен Псаки Байден әкімшілігі ДДСҰ есебін әлі де қарастырып жатқанын айта келіп, «бұл баяндамада маңызды мәліметтер мен ақпараттың жоқтығына, деректердің қолжетімсіздігі мен ашық еместігіне» шағымданды. «Сондықтан, біз тағы да қадам жасауға шақырамыз. Қазіргі деректер вирустың шығу тегін жақынырақ түсінуге немесе көбірек білуге жеткіліксіз» дейді АҚШ президентінің бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі өкілі.

Сонымен қатар, Мемлекеттік департамент 14 елмен бірлесіп жасаған мәлімдемесінде коронавирустың адамдарға берілуін анықтау үшін жануарларды одан әрі зерттеу қажеттілігін атап өтті. Бұл мемлекеттер ДДСҰ сарапшылары мен қызметкерлеріне пандемияны тоқтату және болашақ пандемиялардың алдын алу жолында тынымсыз еңбек еткені үшін қолдау білдірсе де, зерттеу «айтарлықтай кешіктірілді және толық, түпнұсқа мәліметтер мен үлгілерге қол жеткізе алмады» деген пікірде. Бейжіңнің Вашингтондағы және одан тыс жерлердегі сыныштарының сөзінше, зерттеу тобының Қытайға кіруіне көп уақыт кеткен. Еуропа одағы өзінің жеке мәлімдемесінде зерттеудің кеш басталғанына, үлгілер мен деректердің шектеулі болуына алаңдаушылық білдіргенімен, баяндаманы «пайдалы алғашқы қадам» деп атап өтті. Қытай үкіметі болса, инфекцияның Ухань зертханасынан шығып кеткені туралы теорияны растамай отыр.

Ал кейбір скептиктер Қытай басшылығы зерттеудің барысы мен нәтижесіне ықпал етті деген пікірде. «Бізде бұл баяндаманы құрастыру процесі мен әдістемесіне қатысты үлкен сұрақ бар. Оны жазуға Бейжіңдегі билік көмектескен болуы керек» дейді АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен CNN телекомпаниясына берген сұхбатында. Есеп жарияланғаннан кейін Қытай Сыртқы істер министрінің өзінің веб-сайтында Бейжіңнің ДДСҰ-мен ынтымақтаса жұмыс істегенін және «ашықтығы мен жауапкершілігін толық көрсете отырып, топтың жұмысына қажетті көмек ұсынғанын» мәлімдеді.

**«СБ» ақпарат**



# Таланттар «Таңшолпанда» танылады

«Qyzylorda» телеарнасында «Таңшолпан» телевизиялық ән байқауы көрерменмен қайта қауышты. Өнерлі жастарға жол ашқан телебайқаудың араға жылдар салып, көгілдір экранға қайта оралуы тәуелсіздікпен төл құрдастар телеарнаның 30 жылдық мерейтойына тамаша тарту болды.

**Сб** Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Осыдан 25 жыл бұрын бастау алған телевизиялық ән байқауы талай талантты жастың өнер жолындағы тусауын кескен болатын. Бүгінде елге белгілі әншілер Бибігүл Жанұзақ, Гүлнұр Оразымбетова, Руслан Садықов, Тахауи Рахметов, Гүлхан Сірғабаева, Алмас Кішкенбаев, Ербол Шәріпов өнердегі ең алғашқы қадамын осы «Таңшолпаннан» бастаған.

Басқадан бөлек дауысы, дарыны бар ұл-қызға мүмкіндік сыйлаған үлкен жоба биыл да осы миссиясын атқарды. Ол үшін бір ай бойы кәсіби мамандардан жасақталған қазылар құрамы барлық ауданды аралап, талантты жастарды іздеді. Іріктеуге облыстан 300-ге жуық өнерпаз қатысты. Өзіндік өнерімен ерекшеленген олардың 60-ы облыстың бас театрындағы



іріктеу кезеңінде өнер көрсетіп, ең мықтылар тандап алынды. Тәжірибелі мамандар қатысушылардың ән айту шеберлігін ғана сарапқа салып қоймай, сахнада өз-өзін ұстауына да мән берді.

болғаны анық. Айтып өту керек, ақтық сайыстың өзі екі кезеңнен тұрды. Конкурсанттар I турда қазақ және шетел композиторларының заманауи әндерін орындаса, II турға өткендердің қалауына қарай кез келген әнді шырқауына мүмкіндік берілді.

Осылайша бірнеше кезеңнен өтіп, әбден сыналған конкурсанттардың арасынан Гран-при байқоңырлық Назерке Шамбиловаға бұйырды. «Қазақстан» РТРК АҚ облыстық филиалының директоры Жағыппар Қарабала жеңімпазға 100 мың теңге ақшалай сыйлық табыстады. Сондай-ақ, телеарна бір әніне бейнеклип түсіріп, оның эфирден жыл бойы 100 рет қайталап берілетінін айтты.

Телебайқауда I орынға қызылордалық Жаннұр Бердібекова, II орынға аралдық Хабибулла Қыдыралиев пен шиеділік Нұрасыл Рысдаулет лайық деп танылды. Ал, III орынды қазалылық Мадияр Серік, аралдық Алина Сәрсенбекқызы, қызылордалық Дінмұхаммед Төлеубай еншіледі. Сондай-ақ, ақтық сында өнер көрсеткен қатысушылардың барлығына диплом табысталып, дипломанттар мен номинация иегерлері анықталды.

Мұндай телевизиялық байқауларда танылған дарынды ұл-қыздың қадамы нық болғанына уақыт дәлел. Ендеше биыл таңшолпандай жарқыраған жастардың да өнер көгінде өз орнын қалыптастыратынына сенім мол.



SERGEK

● КӘСІПҚОЙ БОКС

## GGG және Риота



**Жыл соңына Геннадий Головкин (41-1-1, 36 KO) тағы бір жудырықтасу күтіп тұрған сыңайлы. Қазақстандық боксшы бұл жолы жапондық Риота Муратамен (16-2, 13 KO) күш сынаспақ. Бұл туралы Қазақпарат Sports.kz сайтына сілтеме жасады.**

«Дереккөздер мәліметінде, Головкин мен Муратаның өкілдері Жапонияда бірлескен жекпе-жек өткізу туралы талқылау жүргізген. Жекпе-жек желтоқсанның аяғына, Жаңа жыл және Жапониядағы бокс күні қарсаңына жоспарлануда». Жаңалықты алғашқы болып DAZN тілшісі Крис Мэнникс хабарлап отыр. Ал бұл ақпаратты кейін Головкиннің промоутері Эдди Хирн растады. Ол: «Геннадий Муратамен жекпе-жек 31 желтоқсанға жоспарлап отыр» деді. Сонымен қатар Хирн Головкиннің бұған дейін америкалық Деметриус Андрадемен (30-0, 18 KO) тағы бір бірлескен жекпе-жек өткізетініне сенім білдірді.

● ВЕЛОСПОРТ

## 12 медаль жеңіп алды



**Қызылорда қаласында велоспорттан тұңғыш Әлем чемпионы, КСРО-ға еңбек сіңірген спорт шебері Марат Сатыбалдиевтің жүлдесіне арналған 15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында республикалық дәстүрлі жарыс өтті.**

Жарысқа Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарынан 92 спортшы қатысты. Нәтижесінде қызылордалық велослабандоздар 12 медаль жеңіп алды. Оның 4-уі алтын, 5-уі күміс, 3-уі қола медаль. Жеңімпаздар диплом және естелік сыйлықтармен марапатталды.

● КУРЕС

## Асылзаттың еншісінде – қола



**Алматыда өтіп жатқан Азия чемпионатында жерлесіміз Асылзат Сағымбай 53 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қолаға қол жеткізді.**

2000 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген А.Сағымбай ҚР спорт шебері, жасөспірімдер арасында Әлем чемпионатының күміс жүлдегері, жастар арасында және ересектер арасында Қазақстан чемпионы. Қазақстан ұлттық құрама командасының мүшесі.

Ол №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде жаттығады. Өзінің табандылығымен үлкен табыстарға қол жеткізіп келетін Асылзатты білікті бапкер Жандос Бөрібеков жаттықтырады.

Айта кетейік, Азия чемпионатында грек-рим күресінен Айдос Сұлтанғали чемпион атанса, бүгін еркін күрестен Дәулет Ниязбеков (65 келі) пен Ғалымжан Өсербаев (79 келі) боз кілемге шығады.

**Облыстық жастар ресурстық орталығында жас қолөнершілер мен кәсіпкерлердің көрмесі өтті. Іс-шараға 10 жас қолөнерші қатысып, өз өнімдерін таныстырды.**

## Қолөнер – кәсіп көзі



Ерекше көрме ұлттық қолөнерді дамыту мен жас қолөнерші шеберлеріне қолдау көрсету, сондай-ақ, олардың жасаған бұйымдарын халық арасында кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Көрмеге келген іскер жастардың бірі – Малика Имамзадаева. Ол өткен жылы кәсіпкерлік мақсатта 555 мың теңге қайтарымсыз грант иеленіп, «Qazaq brand» тігін шеберханасын ашқан. Өнімдеріне сұраныс жоғары. Ортопедиялық жастықтар, арнайы формалар, көйлектер тігеді. Сондай-ақ, қалыңдық жасауын дайындайды.

Ателье жұмысын бастағанына бір ай болды. Тапсырысқа қарай жұмыс жасаудамыз. Мұндай көрмелер жергілікті жас қолөнершілерді қолдауға септігін тигізеді. Біз секілді жұмысын енді бастаған кәсіпкерлер осы арқылы өз өнімдерін көпшілікке таныстыруға мүмкіндік алады, – дейді ол.

Кестелеп тігілген, өрнектеп безендірілген бұйымдар да осы көрмеден табылды. Ұлттық нақыштағы киімдер мен зергерлік заттардың бірнеше нұсқасы қойылды. Тұрғындар өзіне ұнаған бұйымдарын арзан бағада сатып алды.

Шеберлер өз өнерін насихаттап, жастарға үйретуден жалықпайды. Тек оларға қолдау көрсетсе болғаны, – дейді ұлттық салт-дәстүрді насихаттаушылар.

Алдағы уақытта мұндай көрмелерді ай сайын өткізу жоспарлануда.

«СБ» ақпарат



## Аталы сөз айтар ақсақалдар қайда?

**Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра**

Қазақ халқының осы нақылын «мақалдың да міні бар ғой» деп атақты Байдалы би (Ұәли ханның замандасы және досы) мен данышпан Абай айтқандай («Қара сөз»: үшінші, бесінші, алтыншы сөздер), өз басым ұстаздық қызметіме байланысты бірталай уақыттан бері былайша толықтырып айтып жүрмін: «Көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі, көпті көрген білмейді, көпті түйген біледі, түйгенін өзгеге берген біледі, беріп қана қоймай, бергенін өзгеге еккен біледі». Осылай айтуыма өткен ғасырдың сексенінші жылдарында ҚазМУ-да (қазіргі Әл Фараби атындағы ҚазҰУ) оқытушылық қызмет атқарып жүрген кезімде өзім күйеу болған және талай рет қайталанған оқиға себеп болды.

Сол бір кездері өзімнен 3-4 жас кіші бір тарихшы доцент жігітпен жиі-жиі жұмыс бабымен кездесіп қалатынымын. Ол республикалық деңгейде қоғамдық жұмыспен айналысып, сол жағынан әсіре белсенді болып көрінетін. Кездескен сайын «Не жаңалық бар?» деген сұрағымна ол бір жолы «әпелен елде болдым», келесі жолы «түген елде болдым» деп, әр кездескен сайын қай континентке, оның қай еліне барғанын, ұмытпасам, жер шарының 50 шақты елінде болғанын айрықша мақтанышымен айтатын.

Ең қызығы, «ал енді сол ел туралы айтып берші, не көрдің, не түйдің?» деген сұрағымна ол әрдайым ет пен балықтың, қолбаса мен сырдың қаншама түрлері (еліміздегі 80-ші жылдарды еске түсіріңіз), автокөліктің соншама түрлері (маркалары), зәулім-зәулім үй-ғимараттары, тақтайдай тегіс жолдары мен көшелері, делегацияны кім, қалай қабылдап, қандай тағамдар мен сусындар ішкені, өздерінің жүріп-тұрғаны, т.с.с., яғни тек қана не көргені туралы айта-тын. Ал қоғамтану ғылымдарының өкілі ретінде маған керекі – оның не көргені емес (оның көргенін мен саяси экономия маманы ретінде онсыз да білем), оның көңіліне түйгені, яғни сол барған елінің (халқының) өркениеті мен мәдениеті, дүниетанымы мен салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы, білімі мен ғылымы, саяси, әлеуметтік-экономикалық тыныс-тіршілігі. Бірақ күткенім болмады.

Мұндай қолайсыз жайт қайталан берген соң, бірде оған: «Сенен ғылым кандидаты, доцент деген дәрежеңе сай естігім келгені – баланың әңгімесі емес еді ғой» деп, ашы да болса, шындықты айтуыма тура келді. Ол көпке дейін ренжіп жүрді, бірақ



кейінірек бұл әңгімеден дұрыс шешім шығарып, елге өзін қоғамдық мәселелерді талдай білетін жөпәтуір маман ретінде таныта білді. Оған да шүкір! Ал мен болсам, «күр көпті көргеннен не пайда?» деген оймен сол кезден атам қазақтың сөз болып отырған нақылын (мақалын) жоғарыдағыдай толықтырып айта бастаған болатынымын.

Енді бүгінгі күнге келейік. «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы» деп Абай айтпақшы, көптен бері дүниенің төрт бұрышын аралап, оқып алған (елге қайтып келгені бар, келмегені бар), оқып жүрген «талай қазақ баласы» (мыңдаған) баршылық.

Менің көзімнің жеткені, ілуде біреуі болмаса, олардың барлығы дерлік (өмір бойы жастармен істес болған соң көріп жүрміз, тыңдап жүрміз, естіп жүрміз, оқып жүрміз, тіпті қайсыбіреулерімен талай қызметтесте болғанбыз) жақындарына, әріптестеріне, замандастарына, жұмыс істеген жерлеріне, туған еліне айтарлықтай бірдеңе бермегені былай тұрсын, тұшымды етіп ештеңе айта алмайтындығы, жеткізе алмайтындығы, яғни түйгенінің аздығы, дүниетанымының тарлығы, керек десең, дүниекоңыздығы, мені қатты ойландырады. Олардың көңілге қонарлық бірдеңе айта алған-дығының, жеткізе алғандығының, яғни ғибратты ойларды түйгенінің өзін өз басым бізге, елімізге азды-көпті бергені деп қабылдап ем. Және болашақта солай болғай, тіпті, одан да асып түскей деп тілеймін!

Аралық түйін. Көп жасаған мен көп көргеннің, көп көрген мен көп түйгеннің, көп түйген мен көп бергеннің, көп берген мен көп екеннің аражігін ажырата білу, сонымен қатар олардың өзара байланысын таба білу, түйсіне білу, қабылдай білу, іске асыра білу өте маңызды-ақ.

Өз басым осы уақытқа дейін бір ғана шет елде (Түркияда) болыппын, онда да демалыста (негізінен Кеңес заманының түлегі болғандықтан, қазіргі ТМД елдерін кәсіби және психологиялық тұрғыдан шетел деп қарау маған қиындау). Меніңше, жалпы бұрынғы да да, әсіресе қазіргі ақпараттық технология дамыған заманда, жақсы маман болу үшін бас жоқ, көз жоқ, яғни міндетті түрде шет елдерге барып білім алуға құмар болудың қажеті аз. Бұл – ішінара жаратылыстану және техникалық, ал негізінен, гуманитарлық сала мамандарына қатысты тұжырым.

Менің пайымдауымша, кәсіби мұқтаждықпен шет елдерде оқудың екі ғана себебі бар, біріншісі – егер де қайсыбір болашақ маман өзі кейін айналысатын саласына қатысты елде бар мамандықтар бойынша барлық қажетті ақпарат көздерімен (олар қандай түрде, қандай тілде болса да) толық танысып, игеріп, оларды тақияма тар келді деп есептеп, азсынған жағдайда, екіншісі – елде жоқ жоғары технологиялық мамандықтар бойынша білім алу қажеттігі туғанда. Сонымен қатар, өз елімізде бар мамандықтар бойынша негізгі де іргелі (базалық) білім (бакалавриат, магистратура, докторантура) алғаннан кейін, шет елдерде қысқа мерзімдік білім көтеру курстарынан өту қисынды да орынды.

Басқаша айтсам, елде қолда бар кәсіби ақпараттық және басқа да ресурстардың толық игермей, еңсермей жатып, шет жерге шапқылдай берудің реті жоқ. Керек десең, жалпы және кәсіби этикалық тұрғыдан бұл – оғаш, ал кейде, айталық, гуманитарлық салада, тіпті зиян нәрсе. Мысалы, өте жоғары деңгейлі кәсіби экономист болу үшін шетелге асып, орыс халқы айтқандай, «Үш теңізден әрі ұшып, ақылсыз боп оралудың» («3а три моря летал, умней не стал») еш қажеті жоқ.

Адами да ұлттық тәрбие – білім – ғылымға жаңғырушылық – жаңашылдық – жасампаздыққа деген мемлекеттік идеология, саясатты қазақ халқының төл өркениетінің (культура) және әлемдік мәдениеттің (цивилизация) озық үлгілерін «әділеттілік» деген қасиетті де киелі ұғымға (Президент Қ.Тоқаевтың қолданысындағы маған ұнайтын басты термині) негіздей және басшылық ала отырып сөз жүзінде емес, іс жүзінде 180 градусқа қайта бұру керек.

Осыдан туындайтын қорытынды ғибрат: көп жасағаннан да, көпті көргеннен де, көпті түйгеннен де, көпті бергеннен де, көпті екеннен де ала біл, ондайлар ел ішінде қай сала болмасын, әзірше (үлкендер, орта жастағылар, тіпті жастар арасында да) баршылық. Тек оларды таба біл, табу үшін көзіңді аша біл, оларға көңіліңді сала біл, оларды тыңдай біл, орынды ақыл-кеңесін алып, кәдеңе жарата біл, ал оларға іліге алмасаң, амал жоқ, артқы шепте қала бер.

Шіркін-ай, осы көкейкесті де көкейтесті арман-ойым мен арман-тілегімді тыңдар құймақұлақ, қабылдайтын есті ми мен жылы да қайсар жүрек, жүзеге асырап қайтпас жігер болса ғой. Қалай болғанда да, осы ой-толғауымды «ақылды алғанға, үгітті ұққанға айты», «айтушыдан тыңдаушы зор болсын» деген халқымыздың аталы сөздеріне иелестіре отыра, айтушы мен тыңдаушыға, басшы мен қосшыға теліп, оны еш естен шығармай және «болмасаң да ұқсап бақ» қағидасына сәйкес тағы да ұлы Абайдың «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деген ғибрат іспеттес тәмсілімен аяқтағым келеді.

**Орақ АЛИЕВ, «Тұран-Астана» университетінің профессоры.** (Басы өткен санда. Жалғасы бар)

Меншік иесі

СЫРМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**БАС ДИРЕКТОР**  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

**БАС РЕДАКТОР**  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.